

*Дүйсембаева Назира Бәкірқызы<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Тарих, археология және этнология факультетінің 3-курс докторанты  
Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, bakirovna@bk.ru*

## **XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚОҒАМНЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ**

*Аңдатпа*

Бұл мақалада XX ғасырдың басындағы оқу-ағарту ісі және ұлт зиялыларының осы саладағы атқарған қызметі жайлы сөз болады. XX ғасырдың басында Қазақстанда халыққа білім беру екі – діни және зайырлы бағытта жүрді. Ресей империясы қазақ жерінде оқу-ағарту саласында да өзінің орыстандыру саясатын жүзеге асырып отырды. Осы орыстандыру саясатына қарсы күресуде Алаш қайраткерлерінің сіңірген еңбегі зор болды.

Мақалада Алаш зиялыларының оқу-ағарту саласындағы қызметінің бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпағандығы дәлелденеді. Сонымен қатар қазақ зиялысы А.Байтұрсынов негізін қалаған латын әліпбиінің маңыздылығы да қарастырылады.

**Түйін сөздер:** тарих, Алаш, оқу-ағарту, білім, қазақ зиялылары, жәдидшілдік, мектеп, медресе, интеллигенция.

*NaziraDuisembayeva<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, 3-year PhD student of the Faculty of History, Archeology and Ethnology  
71 Al-Farabi Avenue, Almaty, 050040, Kazakhstan, bakirovna@bk.ru*

## **CONTRIBUTION OF THE NATIONAL INTELLIGENTSIA TO THE INTELLECTUAL DEVELOPMENT OF SOCIETY IN THE EARLY XX CENTURY**

*Abstract*

This article examines the educational work and activities of the national intelligentsia of the early XX century. In Kazakhstan, public education developed in two directions: religious and secular. The Russian Empire considered school education as one of the most effective means of Russification in the Kazakh land. In the fight against this policy of Russification, Alash representatives contributed enormously.

The article substantiates that the activities of the Kazakh intelligentsia in the field of education resonate just as strongly today as when they appeared in the early XX century. In addition, the paper also demonstrates the importance of the Latin alphabet, founded by the Kazakh intellectual AkhmetBaitursynov.

**Keywords:** history, Alash, enlightenment, education, Kazakh intelligentsia, Jadidism, school, madrasa.

*ДүйсембаеваНазираБәкірқызы<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби  
Докторант 3-курса факультета истории, археологии и этнологии  
Республика Казахстан, 050040, г. Алматы, проспект аль-Фараби, 71, bakirovna@bk.ru*

## **ВКЛАД НАЦИОНАЛЬНОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ ОБЩЕСТВА В НАЧАЛЕ XX ВЕКА**

*Аннотация*

В данной статье рассматривается просветительская работа и деятельность национальной интеллигенции в этой области начала XX века. В Казахстане народное образование развивалось по двум направлениям: религиозному и светскому. Российская империя рассматривала школьное образование как одно из действенных средств русификации на казахской земле. В борьбе с этой политикой русификации представители Алаш проделали большую работу.

В статье обосновывается, что деятельность казахской интеллигенции в сфере образования не утратила актуальности и по сей день. Кроме того, рассматривается важность латинского алфавита, основанного казахским интеллигентом А. Байтұрсыновым.

**Ключевые слова:** история, Алаш, просвещение, образование, казахская интеллигенция, джадидизм, школа, медресе.

XX ғ. басындағы ұлт зиялыларының қоғамның интеллектуалдық дамуына сіңірген еңбектерін зерттеу бүгінгі қоғамның дамуы үшін өте өзекті мәселе. Өйткені, XX ғасырдың бас кезіндегі мемлекеттілік жолындағы күрес пен қазіргі таңдағы мемлекеттілікті, тәуелсіздігімізді нығайту жолындағы күрес тікелей сабақтас. Ағартушылық қызметі мәселесін шешуде ұлт зиялы қауымының алдыңғы қатарлы өкілдері өз ой-пікірлерін «Айқап» журналы, «Қазақ» газеті және т.б. газет, журналдар арқылы халыққа жеткізуге күш салды, олар қоғамның интеллектуалдық даму бағытына білім мен ғылым идеялары мен өркениеттілік арқылы жетуді өздеріне мақсат етті. Олардың бұл идеялары із-түссіз кетпеді, оны қазіргі уақыттың өзі көрсетіп отыр. Сол себепті де мақалаға арқау болып отырған ұлт зиялыларының қоғамның интеллектуалдық дамуына қосқан үлесі мәселесі өзекті тақырыптардың бірі екендігі нақты тұжырым айта аламыз.

Мақаланың мақсаты – қоғамдық сананы оятап, халықтың ғылым мен білімді иегеруіне орыстандыру саясатына қарсы күрескен ұлт зиялыларының қосқан үлесін зерттеу болып табылады.

XX ғасырдың басында білім мен ғылым бағытындағы қызмет бағдарламалық сипат алды. Біріншіден, ұлт зиялылары қоғам өмірін халық арасында білім тарату арқылы қайта құра алатындығына және дүниежүзілік өркениетке ғылым мен оқу-ағарту арқылы ғана жететініне кәміл сенді. Екіншіден, XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары дәрігерлерден, саясатшылардан, заңгерлерден, ақын-жазушылардан құралды, ал мұның өзі сол кездегі ұлт зиялыларының ерекше ғалымдық кәсібінің пайда болуына негіз болды. Қазақ ғылымының алғаш қалыптасуына ерекше үлес қосқан А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов, Х.Досмұхамедов, М.Тынышбаев, Ж.Аймауытов, С.Асфендияров және т.б. болды.

Мақаланы жазуға тарих ғылымында бұрыннан белгілі-тарихилық, жүйелілік, тарихи танымдық, тарихи психология және отан тарихын жаңаша көзқараспен жазу, қалыптасқан объективтік және сын талдау мен сараптау принципі алынды. Зерттеу барысында нақты-тарихи, салыстырмалы тарихи, талдау, жинақтау және қорыту әдістері, сонымен қатар логикалық әдістер қолданылды.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгелі бері қазақ тарихын, оны зерттеуге жаңаша көзқарастар мен ой-пікірлер қалыптасты. Соның ішінде кеңестік Қазақстан тарихын зерттеу мен зерделеуде көптеген тарих беттері ашыла бастады. Отандық тарихымызды бұрынғы кеңестік түсініктерден тазартып, оны қайта зерделеп, жаңаша талдау жүргізіліп келеді.

Жалпы елімізде болып жатқан өзгерістер бірден қалыптасқан жоқ. Оған алдыңғы қатардағы ойшылдар, яғни қазақ интеллигенциясы өз септігін тигізді. Ал қазақ қоғамының тарихында интеллектуалдық көзқарастардың маңызы мен ерекшелігі өте зор. Қазақ ағартушылығына XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы Ресейдегі болған қозғалыстар өз ықпалын тигізді. Ұлт зиялыларының халықтың көзін ашуға, халық ағарту ісіне, білім мен ғылымға үндеген еңбектері, жалпы қазақ халқының бостандығы мен теңдігі жолындағы күресі еді. Алайда қазақ интеллигенциясы патша өкіметі мен сталиндік қудалауды басынан өткере отырып, қиын да күрделі эволюциялық даму сатысынан өтті. Олар сонда да қазақ халқының мұң-мұқтажын жоқтап, әділет пен шындық жолында өз идеяларын жүргізуге тырысты.

Тарихнамалық тұрғыдан алғанда, XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының қоғамның интеллектуалдық дамуына қосқан үлесі жеке мәселе ретінде зерттелмеген. Зиялылардың қоғамның білім, ғылым арқылы рухани дамуына қосқан үлесін біз тек Алаш тақырыбы мен репрессия тарихы аясында жазылған еңбектер негізінде ғана талдай аламыз. Бұл бағыттағы іргелі зерттеулердің авторлары отандық ғалымдар М.Қойгелдиев[1], С.Аққұлұлы[2], Т.Омарбеков[3], М.Қозыбаев [4], К.Нұрпейісовтермен [5] қатар, ресейлік ғалым Д.А.Аманжолова [6-9]. Ғалымдар негізінен қазақ зиялы қауым өкілдері патша өкіметінің 1916 жылғы маусымдағы жарлығына дейін оқу-ағарту саласымен, яғни интеллектуалдық жұмыспен айналысқандығы және олар патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы тұрғандығын айтады [5; 18].

Ресейлік ғалым Дина Аманжолова зерттеулерінде негізінен алаш тақырыбына қалам тартып жүргенін ескерсек, алаш қайраткерлері, яғни ұлт зиялылары туралы, олардың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметімен қатар, шығармашылығы хақында бірқатар құнды материалдар алуға болады. Сонымен қатар, 2018 жылы жарық көрген «Этнические элиты в национальной политике России» атты еңбекте, Д.Аманжолова жүйелеген Ресей құрамына енген жергілікті халықтар арасынан шыққан этникалық элиталардың тізімі бірқатар жан-жақты мәлімет береді.

Патшалық Ресей қазақ халқының жері мен оның қазба-байлығына иелік етіп қана қоймай, олар қазақтарды жайлап тілінен, дінінен, ділінен айырып рухани дүниесіне де қол сұғып отарлай бастады. Оны түсінген ұлт зиялылары ең бастысы халықтың сана-сезімі мен ұлттық мәдениетін көтере отырып, бостандыққа жетуге болатынын түсінді. Сондықтан да ұлт зиялылары ел ішінде білім кешендерін жолға қоюға, яғни оқу-ағарту саласына ерекше мән беріп, сол салада көптеген жұмыстар атқарды. Д.Қамзабекұлы қазақ ағартушылығын үшке бөліп қарастырады. Олар: 1. Бастапқы ағартушылық (1860-1890 жылдар). 2. Негізгі ағартушылық немесе Алаш ағартушылығы (1890-1920 жылдар). 3. Инерциялық ағартушылық (1920-1929 жылдар). Алғашқы ағартушылық кейінгі зиялы қауым өкілдеріне көп нәрсені меңзеп жол көрсетіп кетті, ал негізгі Алаш ағартушылығының мақсаты да, арман-тілегі де бір болды. Сол мақсатта еңбек етіп, халықты білім мен ғылымға қол жеткізуге жетелей білді деп көрсетеді [8].

#### **Қазақ ағартушыларының көзқарастарында қоғамдық прогресс идеяларының қалыптасуы**

Ұлт зиялылары қазақ халқының көзін ашып, көңілі мен санасын оятап, оларды ескіліктен арылттып, патшалық езгіден құтқаруға тырысты. Қазақ ойшылдары француз бен орыс ағартушылары сияқты феодализм мен крепостнойлық тәртіптің ыдыраған кезінде емес, ертеден жалғасып келе жатқан қауымдық қатынас үстем болып тұрған жағдайда жүргізуге мәжбүр болды. Осыған орай қазақ ағартушыларының көзқарастарында қоғамдық

прогресс идеялары ұлтаралық достық пен ынтымақтастық, орыс халқы мәдениетінің жетістіктері мен игі әсері жайлы жағымды ойлармен астасып жатты.

Жалпы, ағартушылық феномені Еуропада Жаңа заманда өнеркәсіптің қарыштап алға басып дамыған кезде пайда болды. Онда адамзат тарихында ғылымның дамуына еркіндік беріліп үстемдік етіп, білім мен ғылым алдыңғы қатарға қойылды. Ендігі кезекте Қазақстан да мұндай жағдайдан сырт қалмады. Оған басты себеп болған көзі ашық, көкірегі ояу ұлт зиялылары болды. Алайда, қазақ жерінде Еуропамен және Ресеймен салыстырғанда ағартушылық феноменінің шығу себептері мен қызметі басқаша болды. Сондай-ақ, Қазақстан жеріндегі XIX ғасырдағы қазақ мәдениеті, қоғамдық және саяси-экономикалық өмірінде де көптеген өзгерістерге болды. Бұл процесс, әсіресе, халық ағарту саласында анық көрінді. Ал оның басында ұлы тұлғалар мен ойшылдардың тұрғаны белгілі.

Ал енді осы мақсатта жүргізілген жұмыстарға тоқталып өтейік. Негізінен Қазақстанда халыққа білім беру XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында екі – діни және зайырлы бағытта жүрді. Бұл кезде қазақ жеріне қоныс аударып келгендер саны артып, зайырлы мектептер көбейе бастады. Патшалық Ресей өз ықпалын жүргізе отырып, Қазақстанда оқу-ағарту ісінде 1870 жылы қабылданған «Ресейді мекендейтін бұратаналарға білім беру жөніндегі шаралар туралы» заңына сәйкес мектептерді үш санатқабөлді. Олар:

- 1) аз орыстанғандар үшін;
- 2) орыстар көп қоныстанған жерлер үшін;
- 3) жеткілікті дәрежеде орыстанғандар үшін.

Бірінші санат бойынша салынған мектептерде білім орыс әліпбиімен ана тілінде жүргізілді. Екінші санаттағы мектептер орыстар көп қоныстанған жерлерде болғандықтан оқу орыс тілінде жүргізілді, сондай-ақ онда «бұратаналардың» балалары да оқытылды. Бұл мектепте ана тілі тек сабақты түсіндіру барысында ғана қолданылатын еді. Үшінші санаттағы мектептерде оқыту барысы тек орыс тілінде жүргізілді. Сөйтіп патшалық Ресей қазақ жерінде орыстандыру саясатын оқу-ағарту саласында да іс-жүзіне асырып отырды.

Қазақтарды орыстандыруға бағытталған патшалық саясаттың зор қысымына қарамастан, еліміздегі халыққа білім беру ісінің жағымды жақтары да болды. Ол жүргізіліп отырған ресми саясатқа қарамастан, қазақтар еуропалық мәдениетпен, еуропалық өркениеттің жетістіктерімен танысты. Қазақ зиялылары орыс мәдениетінен көп нәрсені алды, олардың көбісі Ресейде, Еуропада, Түркияда еуропалық негізде білім алды. XIX ғасырдың 20-жылдарынан 1917 жылға дейінгі аралықта 30-ға жуық қазақ жастары Қазан университетінде, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басы аралығында Петербург университетінде 20-ға жуық қазақ студенттерінің білім алғандығын жайлы мәліметтерді атап өтеді. Олардың ішінде Б.Құлманов, Б.Қаратаев, Б.Сыртанов, А.Тұрлыбаев, М.Шоқаев, Ж.Досмұхамедов, Ж.Ақбаев және тағы басқалар оқыды. Мәскеу мен Петербургтің басқа да жоғары оқу орындарын Ә.Бөкейханов, Х.Досмұхамедов, М.Тынышбаев және тағы басқа да қазақ жастары бітіріп шықты. Сонымен қатар қазақ жастары Ресейден басқа да шығыс елдерінде білім алған, Ғ.Ахмедовтың жинаған мәліметтері бойынша 1917 жылға дейін Стамбұл университетінде Ә.Ғайсин, С.Шанов, Д.Көлбаев, М.Тұрғынбаев, Ә.Машаев сынды жастар білім алған. Толық емес мәліметтерге қарағанда 1917 жылға дейінгі аралықта 120-ға жуық қазақ жастары жоғары оқу орындарында оқып диплом алса, 700-дей қазақ жастары арнайы орта білім беретін оқу орындарын бітіріпті [5;18].

Ресей үкіметінің қазақ жеріндегі мектептерді қазақтарға және орыс тұрғындары санаттарына бөліп оқытуы, қазақ балаларының шала сауатты не сауатсыз болуына алып келді. Сондықтан қазақ халқының орасан көп бөлігі қандай болса да білім алуға тырысып, балаларын медреселер мен мектептерге берді. Қазақ қоғамының сол тұстағы, жоғарыда атап өткеніміздей, көптеген интеллектуалдық топтары осы ортада қалыптасты. Бұл медреселерде оқытудың өзіндік сындарлы жүйесі болды. Мұнда діни біліммен қатар зайырлы пәндер оқытылды. Мектептер де қазақ халқы арасындағы сауаттылық деңгейін белгілі бір дәрежеде көтерді, онда Құранды оқыту жүргізіліп қана қоймай, зайырлы әдебиет пен жаратылыс ғылымдары үйретілді. Қазақтар арасында мектептерде білім алу кең таралды.

Халыққа білім беру саласындағы империялық саясат шеңберінде 1906 жылы тамызда болып өткен III жалпымұсылмандық съезі халыққа білім беру ісі бойынша тұтас бағдарлама жасады. Съезд шешімі бойынша төмендегідей етіп белгіленді:

- 1) барлық қоныстарда балалар мен қыздарға міндетті бастауыш білім беретін мектептер ашу;
- 2) оқыту бір бағдарлама бойынша және араб әліпбиі негізінде ана тілінде жүргізілуге тиіс болды;
- 3) мектептерді ұстау земствоның, қала молдасының қарауында, ал басқару мен бақылау мұсылмандардың өз қолында болуға тиіс;
- 4) дін ілімі және әдеби ана тілі енгізілуге тиіс;
- 5) мұғалімдер мен оқушылар құқықтары жөнінен орыс мектептерінің мұғалімдерімен және оқушыларымен теңестірілуге тиіс болды. Съезд шешімдерінде мұсылмандарға білім беру жүйесін ұйымдастыруға қатысты басқа да талаптар қойылды. Сол арқылы империяның бүкіл мұсылман халқының, соның ішінде қазақ халқының да ой-ниеті білдірілді.

Мұсылман мектептерінде бірте-бірте еуропалық білім беру элементтерінің енгізіле бастауына жәдидтік қозғалыс себеп болды. Бұған қарама-қарсы, ресми насихат жаңа әдісті мектептердің қызметін және жалпы алғанда білім беру ісін шектеуге тырысты, ал революциялық оқиғалардан кейін оларды кең көлемде енгізуге бейімдік ерекше күшті байқала бастаған еді.

Сол тұстағы алдыңғы қатарлы ұлт зиялылары қазақ елін отарлық езгіден құтқарудағы басты принцип ретінде оқу, білім және ғылым мәселелін көтеруге тырысып, соның көш басындатұрды. Сондықтан қазақ

интеллигенциясының қойған басты мақсаттарының бірі – халыққа білім беру, оқу-ағарту және ғылым мәселесі болды. XX ғасыр басында «Қазақ» газетімен қатарлас «Айқап» журналы да Алаш қайраткерлерінің ғылыми-ағартушылық бағытындағы еңбектерін жарыққа шығарып отырды. «Қазақ» газетінде А.Байтұрсынов пен М.Дулатовтың «Алаш азаматтарына» деген мақаласында «халықтың мәдениет жолында ілгері басып, ел қатарынан қалмасына себепші болатын нәр-селердің бірі: баспа сөз, яғни газет-журнал, кітап екендігі шексіз» – деп көрсетуінің астарында үлкен мән жатыр [9].

#### **Ұлт зиялыларының оқу ағарту саласындағы қызметі**

Алаш зиялылары халық ағарту саласында алдымен бастауыш мектептер ашып, олар қандай болу керектігі жөнінде «Қазақ» газетінде өз мақалаларын жариялап отырды. А.Байтұрсынов бұл туралы: «Оқуға керек құрал жоқ, оқыта білетін мұғалімдер аз...» – деп сол кездегі оқу-ағарту ісінің жағдайына тоқталып, оқу құралы да, оны оқытатын мамандардың тапшылығын атап өтеді. Ал енді оқыту бағдарламасына келгенде Ахмет Байтұрсынов «...мектептің түрі біздің ойымызша мынау: бастауыш мектептер оқуы қазақ үшін бес жылдық боларға тиіс. Әуелі үш жылда балалар кілең қазақша оқу керек. Соңғы екі жылда кілең орысша оқу керек... қазақ тілінде үйретілетін нәрселер: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрафия, шаруа кәсіп, жаратылыс жайлы... орысша оқитын екі жылында үйретілетін білім гимназияның яки реальный мектептердің төменгі кластарына кірерлік болуға тиіс» деп балалардың одан әрі қарай орта білім алуына бағыт-бағдар беріп отыр. Яғни, қазақ балаларын үш жыл бастауышта қазақша оқытып, ал қалған екі жылында орысша жүргізіліп, бала әрі қарай гимназияда оқи алатындай дәрежеде болу керектігін айтады. Сонымен А.Байтұрсынов халыққа білім берудің үш негізгі: оқыту бағдарламасы, оқу құралдары және білімді мұғалімнің қажеттілігін атап айтады. Енді осы бағытты дамыту жолында ұлт зиялыларын оқулықтар дайындауға шақырып, ғылыми-ағартушылық қызметін жүргізді [10].

Академик М.Қойгелдиев 2017 жылы 12 қарашадағы «Алаш қоғалысы. Жүз жылдан соң» атты мақаласында бұл туралы қазақ интеллигенциясының қозғалысы алдымен ағартушылық саласында басталғандығы жөнінде «Қазақ ағартушылығының толыққанды қоғамдық құбылыс ретінде көрінуі XX ғасырдың алғашқы ширегіне, яғни Алаш зиялыларының қызметіне тұс келген еді. Жалпыұлттық «Айқап» журналының (1911-1915), «Қазақ» газетінің (1913-1918), екі миллионға жуық тиражбен басылған (революциялық өзгерістерге дейін) қазақ кітаптарының жарық көруі және басқа атқарылған істер осы тұжырымға негіз бола алады» деп атап өтеді [11].

Мұхамеджан Сералин 1910 жылдың аяғында ұзақ уақыт еңбектенудің нәтижесінде «Айқап» журналын шығаруға рұқсат алды. «Айқап» журналы оқу-ағарту ісі мен мәдениеттің жаршысы болды. М.Сералин мен айқаптықтардың сіңірген еңбегі мынада: жәдидшілдіктен, ағартушылықтан алға кетті, өз идеяларында қазақ шаруаларының, еңбекші бұқараның бытырыңқы және стихиялы арман-тілектері мен ойларын көрсете білген революцияшыл демократтар деңгейіне дейін көтерілді. Қазақ ағартушылары жас буынының жарқын өкілі болған М.Сералин ағартушылықтан отаршылдық жүйені қирату, қазақ ұлттық мемлекеттігін, ұлттық білім беру жүйесін құру идеясына көшті.

1913-1918 жылдар аралығында «Қазақ» газеті апталық басылым болып шықты. Оның негізін салушылар А.Байтұрсынов, Ө.Бөкейханов, М.Дулатов. «Қазақ» газеті өз беттерінде халық ағарту және кітап шығару мәселелеріне баса көңіл бөлді. Ұлт зиялылары «Қазақ» газеті беттерінде қазақ балаларын оқытудың әдістемелері жайлы өз ойларын жариялап отырды. А.Байтұрсынов қазақ балаларын мектептер мен медреселерде оқытуға ерекше мән береді. Ол өзінің қазақ және орыс мектептеріндегі оқыту мәселелерін айтқанда, балаларды міндетті түрде екі жыл қазақ тілінде оқытуды талап етеді. Сонымен қатар ол орысша сауатты білім алуды да үйрену қажет деп атап өтеді. А.Байтұрсынов «...бастауыш мектептер миссионерлік саясаттан тыс болуға тиіс, яғни әрбір халықтың өз тіліне, жазуына және дініне құқығы болуға тиіс» деп есептейді [12].

Ұлт зиялылары «Қазақ» газетінің беттерінде қоғамның саяси жүйесі мәселесімен қатар, қазақ халқының ұлттық сана-сезімін оятуда XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсаринның, А.Құнанбаевтың ағартушылық қызметтерінің дәстүрлерін жалғастыра отырып, Алаш қайраткерлері баспасөз беттерінде рухани бағыттағы идеяларын ағартушылық қызметтерімен де байланыстырды. Мәселен, А.Байтұрсынов «...өз дербестігімізді сақтап қалу үшін біз оқу-ағартуға және жалпы мәдениетке барлық күш-жігеріміз бен амал-айламызды салып ұмтылуымыз қажет», – деп өз пікірін білдірді [13]. А.Байтұрсынов XX ғасырдың басындағы қазақ ғылымының ғана емес, түркі ғылымында жаңашылдық негіздегі жазылған оқулықтар: «Жана әліпби», «Оқу құралы», «Тіл құралы» атты еңбектердің авторы.

XX ғасыр басындағы баспасөз органдары қазақ зиялылары қызметінің рухани бағытының дамуы мен таралуына көмектесті. Мәселен: «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті қазақ халқының ұлттық сана-сезімін оятуда орасан зор роль атқарды және олардың ағартушылық бағыттағы идеялары мен көзқарастары XX ғасыр басындағы қазақ елінің қоғамдық өмірінде елеулі орын алғандығы туралы тәуелсіз Қазақстанның отандық зерттеушілері де айқындап берді [14].

Ұлт зиялыларының, яғни қазақ интеллектуалдық ортасының оқу-ағарту саласындағы басты сіңірген еңбегі мынада:

- Халыққа оқу-білім мен ғылымды тарату арқылы патшалық езгіден азат болуға, елімізде тәуелсіздік алудың жолдарын көрсетуге ұмтылды;
- Ұлт зиялылары тілтану ғылымының іргетасын қалады (А.Байтұрсынұлының тіл саласындағы еңбектері, кейін алдымен оқуға, білім беруге арналған Х.Досмұхамедұлының, Т.Шонанұлының, Е.Омарұлының еңбектері);
- XIX ғасырдың ортасында алғашқы белгілері байқалған ұлттық жазба әдебиетімізді қалыптастырып, оны одан әрі байытты;

• Ұлт зиялыларының ғылыми және ғылыми-танымдық еңбектері, әрине Қазақстан ғылымы кеңес үкіметі тұсында дамыды, алайда оның негізін ХХ ғасыр басындағы ұлт зиялылары, яғни интеллектуалды Алаш қайраткерлерінің талантты өкілдері құрды. Оған А.Байтұрсыновтың 1912 жылдан бастап жазылған оқулықтары мен оқу құралдары, Ә.Бөкейханның тарих, фольклортану, әлеуметтану саласындағы ғылыми шығармалары, Х.Досмұхамедовтың жаратылыстану, биология, тілтану саласындағы еңбектері, М.Тынышбаевтың тарихи зерттеулері мен мақалалары, Ж.Аймауытовтың психология мен әдебиеттану салаларындағы оқулықтары мен ғылыми ізденістері, М.Дулатовтың тіл мен әдебиет және математика саласындағы ғылыми еңбектері, М.Жұмабаевтың педагогика мен әдебиет саласындағы еңбектері, Т.Шонанұлының тілтану, әдістемелік оқу құралдары мен зерттеулері, сонымен қатар Ә.Ермеков, С.Асфендияров, М.Тұрғанбаев, Е.Омарұлы, М.Бұралқиев, Қ.Кеменгерұлы, С.Сәдуақасовтардың ғылыми еңбектері қазақ ғылымының терминологиясын қалыптастырды;

• Қазақ аудармасының негізі қаланды, аудармаларды қазақ қоғамына бейімдеп аударды, сол арқылы денсаулық сақтау мен шаруашылық жүргізудің тиімді шетелдік озық тәсілдерін қазақ ұлтына таныстыруды көздеді.

Ұлт зиялылары халықтың саяси көзін ашу үшін алдымен оның бойында білімге деген құштарлықты оятып, сауатсыздықты жою қажет екенін білді. Қазақ зиялы қауым өкілдерінің оқу-ағарту саласындағы барлық жүргізген қызметі осы мақсатқа арналды. Олар ұлттық «Қазақ», «Қазақстан» газеттерінің, «Айқап», «Сарыарқа», «Абай» журналдарының беттерінде қазақты ұлт ретінде сақтап қалуға, өркениетке жету үшін тек қана білім ғана жеткізеді деп, өз ұлтын білім үйренуге шақырды.

ХХ ғасырдың бірінші ширегінде қазақ елінде оқу-ағарту саласының қалыптасуына зор үлес қосқан зиялы қауым өкілдері ғылым мен білімнің іргетасын қалады. Олар қазақ халқының тарихи-мәдени, ғылыми өмірінде өзіндік із қалдырған, елімізде халық ағарту ісін қалыптастыруға атсалысқан, кейін кеңестік заңсыздықтың құрбаны болды. Көп жылдар бойы есімдері ескерілмей келген халқымыздың адал перзенттері: А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедұлы, Т.Шонанұлы, Н.Төреқұлов т.б. ғылыми-ағартушылық мұрасының бүгінгі таңда ғылыми мәні орасан зор. Олардың ғылыми-шығармашылық мұралары тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана халқымызға қайтарылып, кітаптары қайта басылып, жарық көре бастады. Ұлт зиялылары туралы зерттеулер жүргізіле бастап, осы бағытта еңбектер жазылып, оған жаңаша көзқарас қалыптасты. Өйткені, олардың әрқайсысы өз таңдауын жасап, адамзаттың дамуына септігін тигізген, қазақ үшін аса қажетті болған тұлғалар. Ахмет Байтұрсынұлы өзінің 1913 жылы «Қазақ» газетінде жариялаған Қазақша оқу жайынан» атты мақаласында: «Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халық та оқумен түзе-леді... Қазақ ішіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде, оқу ісімен түзеледі», – деп жазып, оқудың қоғамды өз-гертуші күш екендігін, әділетсіздіктің көбі білімсіздіктен туындап отырғандығын тап басып, дұрыс көрсетеді [15; 3].

ХХ ғасырдың 20-жылдарынан бастап елімізде жаңа қазақ мектебінің негізін қалауда оқу-ағарту ісін дамытқан қазақтың ойшыл ағартушы ғалымдары Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов, Шәкәрім Құдайбердіұлы, М.Жұмабаев, Ғ.Қарашев, Х.Досмұхамедов, Мұстафа Шоқай сынды ұлт зиялыларының баға жетпес мұралары негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеуде қазақ халқының болашағын қалыптастырушы күш деп білеміз. Ұлт істері үшін бір бағытта – білім мен ғылым істеріне өздерін арнаған, мақсаттары бір арнада тоғыса алған Алаш азаматтары Алашорда үкімет таратылып, Кеңес үкіметі орнаған кезеңдерде де өз ұстанымдарынан ауытқымай, қазақ халқы үшін аянбай еңбек ете білді. Ал негізінен алғанда араб графикасы 1928 жылы латын графикасына ауыстырылса да, 30-жылдарға дейін қолданыста болып, кітаптар шығарылып тұрды. 1922-1923 жылдары қазақ мектептерін төл оқулықпен, бағдарламамен қамтамасыз етуде біраз шаралар іске асырылды, қазақ тілінде «Физика», «Грамматика», «Педагогика», «Алгебра», «Мектеп гигиенасы», т.б. бар. Бұл оқулықтарды жазуға А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, С.Асфендияров, Қ.Сәтбаев, Ә.Ермеков, Т.Жолдыбаев, т.б. қатысты.

Алаш орда үкіметі мүшелерінің негізгі іс-әрекет бағыттарынан Ресей патшасының отаршылдық езгісіне қарсы күрес жолындағы қазақ бұқарасының заңдық тұрғыдан құқын қорғау мәселесі анық аңғарылды. Туған халқының саяси санасын сақайтып, құқықтық сауатын ашпай қатардан қалып қоятындықтарын жақсы түсінді. Бұған қоса қазақ халқының ұлттық санасын оятуда, білімі мен білігін жетілдіруде, мәдениеті мен руханиятын дамытуда олардың әрбірі жеке тұлға ретінде үлкен үлестерін қосты. Осы бағытта олар қазақ халқының бай тарихы мен озық мәдениетін толыққанды зерттей отырып, оны кең насихаттау жұмыстарын қажетті істердің бірі ғана емес, бірегейі ретінде басымдық берді. Сондай-ақ, өзге тілдердегі үздік ғылыми және публицистикалық дүниелерді қазақ тіліне аударып, рухани кеңістіктің аясы тар шеңберде қалып қоймуына жете көңіл бөлді. Және Алаш қайраткерлерінің қай-қайсысын алып қарасақ та тек бір мамандықты игеріп қана қоймай, халыққа қажетті бірнеше салада жемісті еңбек етіп, сан қырлы талант иелері екендіктерін көрсетті [16; 87].

ХХ ғасырдың 20-30-жылдары ұлт зиялылары қазақ қоғамында ағарту жұмыстарын одан әрі жалғастырып, руханияттың жан-жақты дамуына айрықша үлес қосты. Ғылымның әр саласы бойынша алғашқы оқулықтар жазылды, ұлт театры қалыптасты, әдебиет пен мәдениет саласы құнды мұралармен толықты. Сонымен қатар, қазақ баспасөзі де ұлт мүддесіне қызмет етіп, жаңаша сипатта дамыды. «20-30-жылдары қазақтілінде газет-журналдаршығаруісікүшейді [17; 172].

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев 2017 жылы «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Жарлыққа қол қойды. Елбасы өзінің 2012 жылғы 14-желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз.

Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», – деп латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін атап өтті. Бүгінгі қазақ қоғамы ХХ ғасыр басында қазақ халқының интеллектуалдық дамуына үлкен үлес қосқан ұлт зиялысы Ахмет Байтұрсынұовтың латын әліпбиінің маңыздылығына ерекше назар аударып отыр.

Қорыта айтқанда халық ағарту саласына үлкен үлес қосып келген ХХ ғасыр басындағы ұлт зиялыларының алдына қойған басты міндеті – қазақ халқын ұлт деңгейіне көтеріп, өз елін өзі басқаратын ел ету. Алаш зиялылары ағартушылық саласында мектеп, оқу-әдістемелік құралдар туралы зерттеулер жүргізіп, ғылыми-танымдық еңбектер жазды. «Қараңғы қазақ көгінен өрмелеп шығып күн болуды» армандаған Алаш қайраткерлері өз заманының көзі ашық, көкірегі ояу, бір туар тұлғалары еді. Олардың бар өмірі өз ұлтын сүйеге, ел мүддесі үшін қалтықсыз қызмет етудің үлгісі болды.

Алаш зиялыларының барлығы өз бастарының жеке мүддесін емес, халықтың тағдырын ойлады. Қазіргі біздің ақпараттық өрлеу заманында жұртшылықтың сауаты жоғары. Адамзат баласы, дәл бүгінгі күні, бүкіл дүниежүзінде болып жатқан жаңалықтарды үйінде отырып-ақ, толық мәлімет алатын күйге жетті. Алаш зиялылары өмір сүрген дәуірде, дәл бүгінгідей сауаттылық болмады.

Сонымен, Алаш ардагерлері аңсаған арман-тілекке Тәуелсіздіктен кейін ғана қол жеткізіп отырмыз. Олардың ғылыми-ағартушылық қызметінің арқасында еліміздің оқу-ағарту, ғылым саласы жүйелі бір арнаға түсіп, қазір халықаралық деңгейге көтерілуде.

Мәселен, ХХ ғасыр басында құрылған Алаш партиясы бағдарламасының жобасының «ІХ. Ғылым-білім үйрету» бөлімінде былай делінген:

- Оқу ордаларының есігі кімге де болса ашық һәм ақысыз болу;
- Жұртқа жалпы оқу жайылу;
- Бастауыш мектептерде ана тілінде оқу;
- Қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашу;
- Оқу жол өз алды автономия түрінде болу;
- Үкімет оқу ісіне кіріспеу;
- Мұғалімдер-профессорлар өзара сайлаумен қойылу;
- Ел ішінде кітапханалар ашылу [18].

Орыстандыру саясаты барысында бұл талаптардың орындалуына жол берілген жоқ. Ал егемендіктен кейін бұл талаптардың барлығы орындалды. Қазір кезде елімізде көптеген жоғары оқу орындары мен арнайы орта оқу орындары, кітапханалар бар. Онда грант арқылы ақысыз оқуға да жағдай жасалған. Еліміздің кез келген азаматы өзінің қалауы бойынша орыс немесе қазақ тілінде білім ала алады. Мұғалім ретінде жоғары білімі бар білікті маман кадрлар ғана тартылған және белгілі уақытта мұғалімдердің біліктілігін арттыру шаралары да жолға қойылған.

ХХ ғасыр басындағы ұлт зиялыларының аз уақытта жүргізген еңбегі өте зор болғанымен ұзаққа бармады, олардың барлығы аяусыз репрессияға ұшырады. Сонда да қазақ зиялыларының аз уақытта жүргізген оқу-ағарту, ғылым салаларындағы атқарған қайсарлық еңбектері кез келген адамға үлгі-өнеге боларлық!

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы: Монография. Екінші кітап. – Алматы: Мектеп, 2017. – 656 б.
2. Аққұлұлы С. Әлихан Бөкейхан. Зерттеулер, мақалалар, сұхбаттар. Исследования, статьи и интервью. – Алматы, 2016. – 528 б.
3. Омарбеков Т. Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. Көмекиі оқу құралы. Алматы: «Өнер», 2003. – 552 б.
4. Қозыбаев М. «Өркениет және ұлт». – Алматы, 2001. – 369 б.
5. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Атамек, 1995. – 186 б.
6. Аманжолова Д. Алаш наизломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана. – Алматы: Издательский дом «Таймас» 2009. – 412 с.
7. Amanzholova, D. (2019). Problems in development of authorities and governing bodies in the Kazakh autonomous socialist Soviet republic in 1920s. Istoriya. Ltd “Integration: Education and Science.” <https://doi.org/10.18254/s0002554-8-1>
8. Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш, М. 1994. – 213-б
9. Этнические элиты в национальной политике России./ отв.ред. **В.В.Трепавлов**; Ин-т рос.истории Рос.акад.наук. - М.; СПб.: Центр гуманитарных инициатив, 2018. В соавт. с Трепавловым В.В., Дроздовым К.С. и др. – 463-б.
10. Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. – Алматы: 2002. – 33-34б.
11. Дулатов М. «Алаш азаматтарына// «Қазақ». Алматы, 1998. – 78б.

12. Байтұрсынов А. Бастауыш мектеп // «Қазақ» Алматы, 1998. – 100-101б.
13. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Жүз жылдан соң... 12 Қараша 2017 <https://e-history.kz/kz/publications/view/3627>
14. Байтұрсынов А. Қазақша оқу жайынан // Қазақ, 1913, №14.
15. Әбдіманов Ә. «Қазақ» газеті. А., 1993. –141б.
16. Пірманов Ә., Қапаева А.. Қазақ интеллигенциясы. – Алматы, 1997. –107-108б.
17. Ісімақова А. Тәуелсіздік және Алаш ғылымы: Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Дәстүр, 2015. – 288 б.
18. Төлепберген Б. Алаш жолы: Публицистикалық зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: 2017. – 240 б.
19. Теміртас Г. «Шолпан» журналы және қазақ әдебиеті. Рухани жаңғыру – алаштың асыл мұраты: тіл, жазу, мәдениет /Жауапты редакциясын басқарған – Е.Қажыбек. – Алматы, 2018. – 421 б.
20. Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. – Алматы: Атамұра, 1998. – 360 б.

List of references:

1. Koigeldiev M. Alash movement: monograph. The second book. - Almaty: School, 2017. - 656 P.
2. Akkululy S. Alikhan Bukeikhanov. Research, articles, interviews. Research, articles and interviews. - Almaty, 2016. - 528 P.
3. Omarbekov T. actual problems of the history of Kazakhstan. Auxiliary training manual. Almaty: "Oner", 2003 – - 552 P.
4. Kozymbaev M. "civilization and the nation". Almaty, 2001. - 369 P.
5. Nurpeisov K. Alash and Alashorda. Almaty: Ataturk publ., 1995.–18b.
6. Amanzholovad. "I don't know," I said. Alash in the ethno-political history of Kazakhstan. - Almaty: independent house "Taimas" 2009. – 412 P.
7. Amanzholova, D. (2019). Problems in development of authorities and governing bodies in the Kazakh autonomous socialist Soviet republic in 1920s. Istoriya. Ltd "Integration: Education and Science." <https://doi.org/10.18254/s0002554-8-1>
8. Kazakh autonomy and Russia. History of movement Alash, Moscow, 1994 – - 213-P
9. ethnic elites in the national policy of Russia. "no," I said. Ed. V. V. Trepavlov; in-T Ros.history of Ros.akad.nook. - M.; SPB.: Center for humanitarian initiatives, 2018. in et al. with Trepavlovym V. V., Drozdovym K. S. and others. - P. 463.
10. Kamzabekuly D. Alash and literature. - Almaty: 2002– - 33-34B.
11. Dulatov M. "to the citizens of Alash // "Kazakh". Almaty, 1998. - 78B.
12. Baitursynov A. Primary School // "Kazakh" Almaty, 1998. - 100-101B.
13. Koigeldiev M. Alash movement. A hundred years later... 12 November 2017 <https://e-history.kz/kz/publications/view/3627>
14. Baitursynov A. from the Kazakh educational institution // Kazakh, 1913, No. 14.
15. Abdumanov O. newspaper "Kazakh". A., 1993. –141b.
16. Pirmanov A., Kapaeva A.. Kazakh intelligentsia. Almaty, 1997. –107-108B.
17. the case. Independence and Alash science: research, articles. - Almaty: Dastarkhan, 2015. - 288 P.
18. Tolepbergen B. Alash Zholy: journalistic research and articles. - Almaty: 2017. - 240 P.
19. Temirtas G. magazine "Sholpan" and Kazakh literature. Ruhani zhangyru-the noble goal of Alash: language, writing, Culture /headed the responsible editorial office – E. Kazhybek. - Almaty, 2018. - 421 P.
20. Kul-Muhammad M. evolution of political and legal views of Alash figures. - Almaty: Atamura publ., 1998. - 360 P.